

ӘОЖ 346.62

**ЕСЕП КОМИТЕТІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
АУДИТТІҢ ЖОҒАРҒЫ ОРГАНЫ РЕТІНДЕ**

**Ормахан Жанерке Жамбылқызы**

[ormakhan\\_00@mail.ru](mailto:ormakhan_00@mail.ru)

Мемлекеттік аудит мамандығының 2 курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев, Нұр-Сұлтан қ.,

Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі - Мукушев Т.Б.

Болашақ қаржылық есептілікті тексеретін тұлға ретінде, қазіргі таңдағы қаржылық бақылаудың жоғарғы органының қызметін және артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастыруға барынша тырыстым.

«Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы» Қазақстан Республикасы Заңы бойынша, Республикалық бюджеттің жұмсалуды бақылау

жайындағы есеп комитеті Қазақстан Республикасының Президентіне қарайтын және әрдайым есеп беретін, республикалық бюджеттің жүзеге асырылып, атқарылуына бақылауды іске асыратын қаржылық бақылаудың жоғарғы органы болып табылады. Аталып отырған есеп комитеті заңды тұлға болып табылады -құқықтық нысанын іске асыратын.Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделіп жасалынған және өзге де нормативтік құқықтық актілермен жұмыс жасайды. Егер халықаралық шартта айтарлықтай өзгеше нормалар белгіленсе, онда халықаралық деңгейдегі шарттардың нормалары қолданылады [1, б.52].

Есеп комитеті қызметінің ең негізгі принциптері бар, оларға: заңдылық, тәуелсіздік, анықтық, объективтілік, ашықтық, жариялылық және құзіреттілік жатады. Аталған заң шеңберінде белгілі бір міндеттері мен өкілеттіліктері бекітілген. Есеп комитетінің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы, мемлекеттік сатып алу жайындағы заңда және басқа да нормативтік құқықтық актілермен сәйкес келуін және талаптарға сай келуін бақылау;

2) Мемлекеттің республикалық бюджетіне түсетін қаражаттардың дұрыстығы мен дер кезінде орындалуын, сонымен қатар салық пен кеден түсімдерінің әкімшілік тиімділігін арттыру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін толықтай тексеру: нысаналы трансферттер мен кредиттердің, гранттардың, мемлекеттік кепілдік қарыздардың жүйелілігін анықтау;

4) Мемлекеттік органдардың стратегиялық бағдарламаларын, бюджеттік стратегияларының іске асырылуын сырттай бағалау болып табылады.

Сондай-ақ, Есеп комитетінің отырысында жоспарлау, әдіснама, Қазақстан Республикасы Президентіне немесе Парламентіне ұсынылатын есеп мәселелері, мемлекеттік бюджет қорытындылары, сонымен қатар, жылдық есеп құрылымдары таныстырылып, мақұлданады. Бұл отырыстар негізінен екі бағытта өтеді: ашық немесе жабық, яғни құпия түрде өткізіледі. Отырыс шешімі қатысушылардың жалпы санымен, яғни дауыс басымдылығымен анықтылады. Егер дауыс тең болып қалған жағдайда төрағалық етушінің дауысымен шешім қабылданады. Шешім Есеп комитетінің Төрағасы немесе мүшелері келісім беріп, қол қойған сәттен күшіне енеді.

Есеп комитеті әр жыл сайынғы өткен қаржы жылындағы бюджеттің жұмсалуды туралы есепті яғни жылдық есепті жасайды және ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытынды есебі болып табылады. Жылдық есеп:- республикалық бюджеттердің шығыстары мен түсімдерін, салық және кеден әкімшілігі тиімділіктерін, жалпы айтқанда негізгі өлшемдердің атқарылуын;

-стратегия немесе жоспар бойынша республикалық бюджеттің тікелей орындалуын немесе жүзеге асырылуын;

-трансферттер мен кредиттердің, гранттардың немесе кепілдік берген қарыздардың және активтердің пайдаланылуын және дұрыстығын бағалауды қамтиды.

Есеп комитетінің негізі екі қызметін бөліп көрсетуге болады: талдау және әдіснамалық қызметтері. Талдау қызметі кезінде ол мемлекеттің органдарының есеп саясаты туралы бағдарламалары мен стратегияларының не болмаса қызметтердің іске асырылуын экономикалық және әлеуметтік саланың дамуына мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің әсерін бағалау мақсаты мен міндеттері болып табылады. Осы талдау қызметі Есеп комитеті нәтижелерінің Қазақстан Республикасындағы есептілік заңдарына негіз бола алады. Басқада есеп саласындағы қызметтерге әдіснамалы құжат дайындалады. Акт бойынша бақылау жүргізу ол Есеп комитеті бекіткен Есеп комитетінің Төрағасы мен оның мүшелерінің қол қойған сәттен бастап жүргізе алады. Тапсырма беріледі оның негізінде арнайы құжат бойынша жұмыс жасайды. Онда берілген күні, тапсырманың мәні басталған және аяқталған күні, толық операциялар тізімі көрсетіліп, жазылатын болады.

Бақылау объектісі тапсырманы тікелей басқарады, ол тек бір данадан болады ал көшірмесі таныстырылып тапсырылады. Егер тапсырманы орындаудан бас тартса, акт толтырылатын болады және оны бекітіп, қол қоятын Есеп комитеті Төрағасы болып табылады. Бақылауды жүзеге асыру үшін негіз жылдық және тоқсандық жоспарлар болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президенті, Үкіметі, Парламенті Есеп комитеті жоспарына қосымша енгізуі керек. Зерттейтін не болмаса бақылайтын объектіні алдын ала зерделеу үшін әр түрлі мағлұматтарды сұратады статистикалық және бюджеттік тағы басқалары. Бақылау объектісі туралы осылай алдын ала мәліметтерді жинау барысында ұсынылып отырған мәліметтердің толықтығы мен айқындылығы байқалатын болады. Және осыдан кейін жоспар мен арнайы қаржылық бағдарламасы қалыптасады. Ең аяғында бұны Есеп комитеті Төрағасы бекітеді жалпы мерзімі белгіленеді, ұйымдастырушылық не өзгеде мәселелер қамтылады. Есеп комитетінің жоспарлау қызметі іске асырылуы тиіс міндеттері мен өкілеттіктерін қамтамасыз ету мақсатында жасалынады. Және бұл жоспарлау Қазақстан Республикасы Президенті, Есеп комитеті Төрағасы бекіткен бағдарламасы шегінде жүзеге асуы тиіс.

Операциялар мен жоспарларды егжей тегжейлі бақылап, қадағалау үшін жылдық және тоқсандық есеп берулер қолданылады. Жылдық және тоқсандық жоспарға негізінен бақылау объектілері түлері, бағдарламасы, жоспары, қаражат көлемі негізінде болжамдары талқыланады. 2019 жылғы Есеп комитетінің бағалауымен, Үкімет республикалық бюджеттің жоспарлы параметрлерін атқарған жұмыстары туралы қаржылық қорытынды 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте- 2019 жылғы Есеп комитетінің бағалауымен, Үкімет республикалық бюджеттің жоспарлы параметрлерін атқарған жұмыстары туралы қаржылық қорытынды

	Шығындар 11 550,8 млрд.тг	Кірістер 11 517,5 млрд.тг
1.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы 198,3 млрд.тг-100%	Халықаралық саудаға салынатын салық және сыртқы операциялар 1 196,9 млрд.тг-108,2%
2.	Деңсаулық сақтау 1 018,6млрд.тг-99,6%	Табыс салығы 1 538,8 млрд.тг-94,7%
3.	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру 2 129,9млрд.тг-100%	Қосылған құн салығы 1 664,7 млрд.тг-100,9%
4.	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік 140,7млрд.тг-99,7	Акциздер 81 млрд.тг-105,1%
5.	Білім беру 464,7млрд.тг-99,2%	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланудан түскен түсімдер 323,8 млрд.тг-102,7%
6.	Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану 89,1млрд.тг-99,9%	Трансферттер түсімі 4 679,5 млрд.тг-100,5%
7.	Ауыл шаруашылығы 244,9млрд.тг-99,3%	Таза кіріс бөлігіндегі түсімдер 11,7 млрд.тг-101,4%
8.	Көлік және коммуникация 675,9млрд.тг-99,9%	Дивидендтер түсімі 22,3 млрд.тг-164,8%
9.	Өнеркәсіп, сәулет..қызметі 8,8млрд.тг-100%	Негізгі капиталдан түскен түсімдер 4,3 млрд тг-270,7%
10.	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер 439,9 млрд.тг-99,5%	Қатысу үлестеріне кірістер 2,8 млрд.тг-100%
11.	Қорғаныс 428,7 млрд.тг-100%	
12.	Қоғамдық тәртіп 549.1 млрд.тг-99,6%	
Тапшылық- 1357 млрд.тг		

Есеп комитеті мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі мемлекетті дамытудың бірден бір әсер етуші күш болып табылады, оның жұмысының сапасын арттыру еліміздің экономикасын дамытуға үлкен әсерін тигізетін болады. Қазіргі таңда орын алып отырған маңызды мәселерге байланысты еліміздің Бюджет кодексінде мыналар қабылданған:

- мемлекеттік қаржылық бақылаудың қызметтерін немесе өкілеттіліктерін қайталау мен қосарлану процесстерін жою;
- қаржылық өрескелдерді анықтап, жою;
- өз істеріне жауапты тұлғаларды анықтау және қателер табылған жағдайда орнынан босатып, жауапқа тарту.

Республикалық бюджеттің атқарылуы 2019 жылғы есеп беруге назар аударатын болсақ, бұл қаражаттар мемлекетіміздің макроэкономикалық тұрақтылығы мен экономика өсімінің жағдайын қалпына келтіруге жұмсалды. Қ.Р-ның сыртқы қарызы өсіп, 167,5 млрд АҚШ долларын құраған болатын. Бұның ішінде үкіметіміз бен квазимемлекеттік сектор субъектілернің сыртқы борышы, атап айтқанда Самұрық-Қазына, Бәйтерек, ҚазАгро, т.б” Ұлттық қордың валюталық активтерінің 96,2%-ын құраған. Бұл фактор еліміздің тұрақсыздығына әкеліп отыр [2].

1 кестедегі бағалаудан соң жалпы 2019 жылдың қорытындысы бойынша сапасыз өткізілген әкімшілендіру салдарынан республикалық бюджеттен шамамен алғанда 6,5 млрд тг шығын шеккен. Яғни, бұл біздің бизнестің дамуына кері әсерін тигізіп жатыр, осыған байланысты Есеп комитеті 2020 жылға қарай басқа стратегияны жүргізу жоспарланып отыр. 2019 жылғы қаржылық қорытынды 1 суретте көрсетілген.



1 сурет-2019 жылғы қаржылық қорытынды

Бір жылдың ішінде қаржылық заң бұзушылықтар 430 млрд теңгені құрады. Бірақ қаржылық заң бұзушылықтарды әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, процедуралық заң бұзушылыққа жатқызбайды. Ал, негізгі қаржылық заң бұзушылық мөлшері бар болғаны 16 млрд теңгені құраған. Бұл көрсеткіш 2019 жылы 70 млрд теңге болатын. Бұдан шығатын қорытынды қаржылық тәртіп орнағандығында. Бұған қоса негізгі өзекті проблемаға тиімсіз жоспарланған қаржылар жатады, сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жұмсалуды бақылауға барынша күш салады. Және дәл осының арқасында қаржы заң бұзушылықтарын дер кезінде анықтап, алдын алады. Республикалық бюджет кез-келген елдің дамуы үшін үлкен рөл атқаратын бірден бір құрал болып табылады. Сондықтан да, біздегі әр бір қаражаттардың тиімді ел пайдасына кетіп жатқандығы өте маңызды. Алайда елімізде болып жатқан жемқорлық немесе қаржылық білімнің жоқтығынан туындап жатқан үлкен қаржылық проблемалар назарды өздеріне аудару керектігін ұғындырды. Есеп комитеті бекіткен ережелер мен стратегиялық құжаттар арқасында елімізде осындай үлкен ауқымдағы қаржылық проблемаларды шешуге жол ашуда. Ендігі мақсат Есеп комитетінің

жұмысын ары қарай жетілдіру және осы мақсаттарға қол жеткізу барысында нақты бір кадамдарға бар [3, б.112].

Қорыта келгенде, жалпы қазіргі таңда осы дамушы мемлекеттердің алдыңғы қатарына шығу жолында Есеп комитетінің жұмысын, құзіреттілігін жетілдіру болып табылады. Осындай бай мемлекетте өмір сүре отырып, бар қаражаттардың дұрыс пайдаланылмағанын көру ол өте өкінішті жайт. Сол себепті осындай комитеттердің арқасында қаржылық Сонымен қорытындылай келе Есеп комитеті өкілеттіліктер бекіткен міндеттерге сай мекемелермен бірігіп жұмыс жасайды. Ол мемлекеттің республикалық бюджет қаражатын яғни трансферт, кредит және кредиттерді, кепілдік берген қарыздарды, активтерді немесе көрсетілген қызметтерінен немесе тауарларды өткізуден түскен қаражатты пайдалану кезінде байқалған құқық бұзушылықтарды бақылау және заң шеңберінде жұмыс жасайды. бақылау тиімді түрде жүзеге асатын болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Зейнелгабдин А.Б. Финансовая система Казахстана: становление и развитие: монография. – Астана: Изд-во КазУЭФимТ, 2018. – 226 с.
2. Есеп комитетінің ресми сайты// [www.esep.kz](http://www.esep.kz)
3. Ильясова К.Н. Теория государственного аудита. – Астана: Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета РК, 2018. – 328 с.